

ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ ТОЛҒАМ



реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет».

Алдағы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын атап өту тек ресми іс-шаралармен ғана шектелмей, оны лайықты қарсы алу әрбір қазақстандықтың патриоттық парызы болуы тиіс. Мемлекет басшысы бұл турасында былай деді: «Мен жаңа қазақстандық патриотизмнің жасампаздық құдіретіне сенемін. Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз өрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет». Тіпті Елбасымыз да өзінің әр жылғы Жолдауларында жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыруды назардан түсірген емес. Ол тәуелсіздіктің елең-алаңынан бері «ұлттық

патриотизм», «жалпыұлттық патриотизм», «жаңа қазақстандық патриотизм» ұғымдарын енгізіп, қазақ қоғамын ілгері тартар жетекші фактордың жұмысының мінсіз жүруіне тың серпін берді. Мәселен, «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында адами капитал сапасын жақсарту мәселесін алға тартып, ұлтжандылыққа баса көңіл бөлуді қайта ұсынды.

Демек, біз еліміздегі бірегейлік пен бірлікті көзіміздің қарашығындай сақтаймыз десек, Болашағы Біртұтас Ұлтқа айналамыз десек, ең алдымен жаңа қазақстандық патриотизмді ұрпақ санасына сыналап сіңіруіміз керек. Сонда ғана тұрақты дамудың даңғыл жолына түсетініміз анық.

Президент сонымен қатар өзінің ой-пікірлерінде ұлттық болмысымыздың өзегі саналатын Азаттық, Тәуелсіздік, Бірлік ұғымдарына да жеке-жеке тоқталып, тарқата түсіндіріп берді.

Бірден айта кетсек, осынау маңызды мақалада Президент тарихшылардың алдына үлкен

мәселе қойып, төл тарихымызды барынша мұқият зерттеуге назар аударған.

Азаттыққа жету жолында елім деп еңіреген ерлердің, ұлы күресте жандарын құрбан еткен Алаш арыстарының гибратты ғұмырын дәріптеп, рухани мұрасын игеру жұмыстары жалғасын таба беру керектігіне де баса мән берген Мемлекет басшысы:

«Тәуелсіздігіміздің мерей-тойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруі тиіс», - деп атап өтті.

Сондай-ақ Президент мақалада ұлттық тарихымызда елі де шешімін таппай келе жатқан бірқатар мәселелерге де тоқталып өтті. Өсіресе оның «Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді.

Тіпті, ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы өртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек. Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн. Біз бұл күрделі мәселеге ұстамдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Жалпы, тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен дағзасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс» деген орнықты пікірі құптарлық-ақ.

Әрбір ұрпақтың өз тарихын өздері зерделеуге құқы бар. Солай болу да керек. Өткенді білу келешектегі алда тұрған басты мақсаттарымызды шешудің жолдарын анықтауымыз үшін де қажет. Біз өткенімізді білмей, болашағымызды көзге елестете алмаймыз. Олай болса, кемел келешектің кілті өз қолымызда екендігін жете ұғынып, бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолындағы біртұтас ұлтымыздың тәуелсіздігін ғұмырлы, ырысы мен табысын мол етуге баршамыздың да атсалысқанымыз абзал.

Сейдехан ӨЛІБЕК,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
колледжінің директоры, тарих
ғылымдарының докторы.

Қандай ел болмасын, олардың бұл дүниеде тәуелсіздіктен биік мақсаты да, асыл мұраты да жоқ екені баршаға аян. «Бақ бағалағанның ғана басында тұрады» дейді халқымыз. Соны қастерлей білу де үлкен қасиет. Осы жылдың 5 қаңтарында «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жұртшылықтың назарын аударып, бүгінде қызу талқылану үстінде. Президент өз мақаласында қазақ елін Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын барынша жаңа жетістіктермен қарсы алуға шақырды.

«Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық